

"Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 174 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда № 5694 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 15.06.2016 № 140 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығымен сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекітілсін.

2. Осы қаулының бірінші рет ресми шыққанынан кейін он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Балғарин

Әулиекөл ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 19 маусымдағы
№ 174 қаулысымен бекітілді

"Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің

ведомстволары жоқ.

3. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110414, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Чернигов ауылы.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алғынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты"

мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, құқықтары және міндеттері

14. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық іс-әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастырын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

3) мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғарлауын қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

1) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

2) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

3) аппарат жұмысын жоспарлайды, кеңестер, семинарлар және басқа да шараларды өткізу; оларды дайындауды және өткізу; ұйымдастырады;

4) Чернигов ауылдық округі әкімінің шешімдерінің және өкімдерінің жобаларын дайындауды;

5) азаматтар мен занды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындаудына жәрдемдеседі;

6) әкімнің актілерін тиісті ресімдеуін және таратуын қамтамасыз етеді;

7) Чернигов ауылдық округі әкімінің аппаратында жоспарға сәйкес іс қағаздарын жүргізуін ұйымдастырады;

8) қызметтік құжаттарды, жеке және занды тұлғалардың жүгінүлерін қарайды, әкімнің жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың ұйымдастырады;

9) мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шаралар қолданады;

10) жұмыстың стилін, әдісін жақсарту шараларын және жаңа ақпараттық технологияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізеді;

11) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады;

12) мемлекеттік қызмет көрсетудің регламенттері мен стандарттардың жетерлігін қамтамасыз етеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде Чернигов ауылдық округі әкімінің құзырына енетін мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалар мен басқа ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқалай материалдарды сұратып алуға;

2) тиісті аумақта басқарудың тиімділігін жетілдіру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен және басқа ұйымдармен өзара іс-эрекет ету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ аудан, облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты"

мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін басшылықты "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауыл әкімі жүзеге асырады.

19. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімінің өкілеттігі:

1) мемлекеттік және басқа органдарда ауылдық округінің әкімі аппаратының мұддесін ұсынады;

2) аппарат жұмысын ұйымдастырады, басқарады және аппаратқа жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына жеке жауап береді;

3) Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты туралы ережені, аппараттың құрылымы және штаттық қызметкерлер саны бойынша ұсыныстарды әзірлейді, еңбекақы төлемі қорын үнемдеу шегінде мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыруды сыйақы белгілейді;

4) Чернигов ауылдық округі әкімінің аппаратында ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

5) аппарат қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінен және мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларға сәйкес қызметкерлерді тәртіптік жазаға тартады;

7) Чернигов ауылдық округі әкімінің аппаратында мемлекеттік қызмет

туралы заңның орындалуын бақылайды;

8) өкімдер мен шешімдер шығарады;

9) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кадрлар бойынша жұмысты үйымдастырады;

10) өз өкілеттігі шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

11) Чернигов ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлерін іс-сапарларға жібереді;

12) жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдауды жүзеге асырады;

13) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалардың және басқалай құжаттардың жобаларын әзірлеуде топтар үйымдастырады;

14) аппараттың ақшалай қаржыларына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

15) аппарат қызметкерлері орындауға міндettі нұсқаулар береді;

16) сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар өткізеді, сол үшін жеке жауапты болады;

17) өз өкілеттігі шенберінде гендерлік саясатты іске асырады;

18) өз өкілеттігіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

"Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты"

мемлекеттік мекемесінің мүлкі

21. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық аудандық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты"

мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату

24. "Чернигов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК